

АҚЫСЫЗ НЕГІЗДЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ақысыз негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы жария оферта шарты (бұдан әрі – «Оферта» немесе «Шарт») бұдан әрі «**Орындаушы**» деп аталатын «**Медиа дамыту қоры**» корпоративтік қорының edu.mdq.kz сайтында (бұдан әрі - Сайт) «Интернет» желісін пайдалана отырып, бұдан әрі «**Пайдаланушы**» деп аталатын жеке тұлғаларға білім беру қызметтерін көрсету жөніндегі ресми ұсынысы болып табылады. Орындаушы мен Пайдаланушы бірлесіп аталған кезде осы Шарттың мәтінінде «**Тараптар**», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады. Білім беру қызметтері Пайдаланушының Сайттағы тақырыптар бойынша білім алуына бағытталған және Орындаушы төменде көрсетілген шарттарға сәйкес Пайдаланушыға Сайтта орналастырылған электрондық форматта тиісті оқу материалдарына ақысыз негізде қол жеткізуді ұсыну түрінде көрсетіледі.

1.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 395-бабының 5-тармағына сәйкес Шарт жария Оферта болып табылады және төменде жазылған шарттар қабылданған жағдайда, осы Офертаның акцептін жүзеге асырған тұлға Пайдаланушы болады.

1.3. Орындаушы мен Пайдаланушы Шартты жасасу және орындау үшін қажетті өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінің өзара кепілдіктерін ұсынады.

2. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР.

2.1. Осы Офертада келтірілген төмендегі терминдер келесі мағынада қолданылады:

Оферта – жеке тұлғаларға Шарт жасасу туралы ұсыныс.

Сайт – «Интернет» желісіндегі edu.mdq.kz мекенжай бойынша орналасқан оқу материалын орналастыруға арналған ақпараттық ресурс.

Білім беру қызметтері (бұдан әрі – Қызмет) – Интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар Пайдаланушының құрылғысында (дербес компьютер, планшет, смартфон және т. б.) орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы вебинар нысанындағы Орындаушының видео курстар форматындағы Оферта шарттарына сәйкес Пайдаланушының Сайт материалдарына шектеулі қол жеткізуін және Орындаушының ілеспе білім беру және ақпараттық қызметтерін ұсыну бойынша ақысыз негіздегі Орындаушының қызметтері. Ілеспе білім беру және ақпараттық қызметтерді ұсыну нысаны мен қажеттілігін Орындаушы дербес айқындайды.

Офертаның акцепті - ұсынатын қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға

жүгіну арқылы Пайдаланушының Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы. Оферта акцепті Тараптар арасында Оферта шартын жасасуды білдіреді.

Орындаушы - осы Шартта жазылған талаптар негізінде Пайдаланушыға Білім беру қызметтерін көрсететін «**Медиа дамыту қоры**» корпоративтік қоры.

Пайдаланушы - Оферта акцептін онда баяндалған шарттар негізінде жүзеге асырған жеке тұлға.

Ақысыз негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы жария оферта шарты - осы Офертаның Акцепті арқылы жасалатын Пайдаланушы мен Орындаушы арасындағы Білім беру қызметтерін ұсынуға арналған шарт.

3. ОФЕРТАНЫҢ МӘНІ

3.1. Осы Офертаның мәні осы Офертаның шарттарына сәйкес Орындаушының күшімен Сайтта оқу материалдарына электрондық форматта қол жеткізуді ұсыну арқылы Пайдаланушыға ақысыз Білім беру қызметтерін көрсету болып табылады.

3.2. Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт бастапқы тіркелген және оферта шарттарын қабылдаған сәттен бастап «Таныстым» ұяшығын белгілеу арқылы жасалған болып саналады.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

4.1. Орындаушы осы Офертаны Пайдаланушы қабылдаған жағдайда, Сайтта орналастырылған оқу материалдарына Пайдаланушыға шектеулі қол жеткізуді ұсынады (Сайттың жабық аймағына кіру парольдерін беру арқылы қол жеткізуді ұсыну).

4.2. Орындаушының жарғылық мақсаттарын ескере отырып, осы Шарт бойынша Қызметтер ақысыз негізде көрсетіледі.

4.3. Орындаушы Шарттың 3.2-тармағына сәйкес оферта тіркелген және қабылданған сәттен бастап жеті күн ішінде Сайттың жабық аймағына қол жеткізуді ұсыну арқылы Пайдаланушыға қызмет көрсетуге міндеттенеді.

4.4. Орындаушы Пайдаланушының Қызмет көрсету кезінде алған ақпарат пен материалдарды үшінші тұлғаларға, оның ішінде ақылы негізде тарату фактісін анықтаған жағдайда, Пайдаланушыға Қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Ақпарат пен материалдарды тек жеке мақсатта және Пайдаланушының жеке қолданысы үшін пайдалануға жол беріледі.

5. ПАЙДАЛАНУШЫНЫ САЙТТА ТІРКЕУ

5.1. Сайтта тиісті есептік жазба жасалған жағдайда ғана Пайдаланушыға Қызмет көрсетілуі мүмкін. Есептік жазба (тіркеу akkaунты) шынайы электрондық пошта мекенжайы мен кіру парольін қамтуы керек.

5.2. Есептік жазбаны тіркеу Сайтта орналасқан тиісті жолдарды толтырғаннан кейін жүзеге асырылады.

5.3. Орындаушы парольдің құпиялылығына жауапты. Пайдаланушы өзінің есептік жазбасына рұқсатсыз кіру фактілерін анықтаған кезде, бұл жағдай туралы қысқа мерзімде Орындаушының қолдау қызметіне келесі мекенжай бойынша: support@mdq.kz немесе Сайтта көрсетілген телефон арқылы хабарлауға міндеттенеді.

6. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Орындаушы техникалық жұмыстарды жүргізу кезеңін қоспағанда, Пайдаланушыға сайтта орналастырылған және Пайдаланушының есептік жазбасын пайдалана отырып, ұсынылатын Қызметтердің құрамына кіретін материалдарға тәулік бойы қол жеткізуді ұсынуға міндеттенеді.

6.2. Орындаушы Пайдаланушының осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, не осы Шарттың талаптарын бұза отырып, Қызметке рұқсатсыз кіруге әрекет ету фактісі анықталған жағдайда Пайдаланушының есептік жазбасын оқшаулауға құқылы.

7. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Пайдаланушы Сайтта есептік жазбаны жасау (тіркеу) барысында өзі туралы расталған ақпаратты беруге міндетті.

7.2. Орындаушының және/немесе өзге де үшінші тұлғалардың оқу материалына және/немесе оның қандай да бір элементтеріне зияткерлік меншік құқығын бұзбайды, атап айтқанда, Пайдаланушының Орындаушы орналастырған материалдарды (мәтіндік, графикалық, аудио/бейне және т. б.) жеке пайдалануды қоспағанда, Орындаушының жазбаша келісімінсіз кез келген мақсатта көшіруге, таратуға, жолдауға, жариялауға және өзге де жолмен таратуға, әрі қайта шығаруға құқығы жоқ.

7.3. Пайдаланушы алған теориялық білімдерін практикада қолдануға құқылы.

7.4. Пайдаланушы Сайтқа өз аккаунты арқылы бір уақытта тек бір IP-мекенжайынан кіруге міндетті.

7.5. Хостинг-провайдерде техникалық ақаулар туындаған жағдайда немесе Сайтта техникалық жұмыстар жүргізілген жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушының Қызметтерге қол жеткізуіне кедергі келтіретін Сайттың кез келген техникалық ақаулығы кезінде Орындаушы Қызметтердің көрсетілмегеніне жауапты болмайды.

8. ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ.

8.1. Орындаушы Орындаушыға байланысты емес себептер бойынша Қызметті ұсынбағаны (сапасыз көрсеткені) үшін жауапты болмайды. Бұл ретте Орындаушы қажетті бағдарламалық қамтамасыз етудің болмауы себебінен Пайдаланушы құрылғысында бейне курсты қосу мүмкін болмаған жағдайда да жауапты болмайды.

8.2. Пайдаланушы көрсетілетін Қызметтің сапасына қатысты барлық шағымдарды support@mdq.kz мекенжайы арқылы Орындаушының атына жазбаша өтінімді жіберу немесе осы Шарттың 12-бабында көрсетілген Орындаушының мекенжайына жазбаша шағымды жіберу арқылы жолдауы тиіс. Пайдаланушының шағымын қарау мерзімі Орындаушы шағымды алған кезден бастап 10 (он) күнтізбелік күнді құрайды. Жоғарыда көрсетілген мерзім өткеннен кейін Орындаушы келесі шешімдердің бірін қабылдайды: шағыммен келіспеу және мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тарту туралы не шағыммен келісу және мәлімделген талаптарды қанағаттандыру туралы. Орындаушы қабылданған шешім туралы жауапты Пайдаланушы көрсеткен электрондық мекенжайға, сондай-ақ егер Пайдаланушы тіркеу кезінде пошталық мекенжайды көрсеткен болса, соған жіберу арқылы Пайдаланушыға хабарлайды.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Орындаушы мен Пайдаланушы көрсетілетін Қызметтің сипатын назарға ала отырып, оны көрсетуге байланысты даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін (келіссөздер, хат алмасу) қолдануға міндеттенеді. Дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар Нұр-Сұлтан қаласының соттарына жүгінуге құқылы.

9.2. Пайдаланушының Шарттың 7.2-тармағын бұзуы:

9.2.1. Пайдаланушының кінәсінен Орындаушының бастамасы бойынша осы Шартты бұзу;

9.2.2. Пайдаланушыны азаматтық-құқықтық, сондай-ақ әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

9.3. Пайдаланушының құқыққа қарсы кінәлі мінез-құлқы (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) және құқыққа қарсы кінәлі мінез-құлық пен келтірілген шығындар арасындағы себепті байланыс нәтижесінде Пайдаланушының Орындаушыға келтірген заңсыз пайдалануының және (немесе) залалының анықталған фактілері Пайдаланушыны жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

9.4. Осы Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

10.1. Тарап міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл Тарап алдын ала болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын төтенше сипаттағы жағдайлардың нәтижесінде

Шарт жасасқаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш жайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады.

10.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, стихиялық құбылыстар, эпидемия, соғыс немесе соғыс қимылдары, сондай-ақ мемлекеттік билік немесе басқару органдарының шешімдері түсініледі.

10.3. Мұндай жағдайлар туындаған кезде олардың іс-әрекетін сезген Тарап олар туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде дереу хабарлауы керек.

10.4. Еңсерілмес күш жағдайларына сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа осы жайлардың бар-жоғын куәландыратын және мүмкіндігінше Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне олардың әсерін бағалайтын ресми құжаттарды ұсынуы тиіс. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмес күш жағдайлары дәлелдеуді қажет етпейді.

10.5. Егер еңсерілмес күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тарап осы мән-жайлардың болуын куәландыратын Шартпен регламенттелген құжаттарды жібермесе, онда мұндай Тарап Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде осы жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

10.6. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақытқа сәйкесінше кейінге қалдырылады. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары және олардың салдарлары 1 (бір) айдан астам әрекет етуді жалғастырса, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін белгілеу үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе Тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған сәттен бастап (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) орындаудың мүмкін болмауымен тоқтатылады.

11. ОФЕРТАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы Оферта Интернет желісінде Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және Орындаушы Офертаны қайтарып алған/өзгерткен сәтке дейін қолданылады.

12. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғ., 20

БСН 200140004522

ЖСК KZ616018821000501601

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК HSBKKZKX